

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
(Монополияға қарсы агенттік)Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
(Монополияға қарсы агенттік)
төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 217-НҚ бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 02 қазанда № 8756 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 12-НҚ бұйрығыменАгентство Республики Казахстан по защите конкуренции
(Антимонопольное агентство)

Өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 27.01.2016 № 12-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағына 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) (бұдан әрі – Агенттік) Заң қызметі департаменті (А. М. Қанапин) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Агенттіктің Әкімшілік департаменті (Қ.М. Қалдықараев) осы бұйрықты Агенттіктің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің назарына жеткізсін.



4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттіктің жауапты хатшысы Н.Ә. Әбдіге жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Төраға

Б. Қуандықов

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
агенттігі
(Монополияға қарсы
агенттік)
төрағасының
2013 жылғы 28 тамыздағы
№ 217-НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті
дербес деректердің тізбесі**

1. Тегі;
2. Аты;
3. Әкесінің аты;
4. Туған күні;
5. Туған жері;
6. Ұлты;
7. Білімі;
8. Жынысы;
9. Отбасылық жағдайы;
10. Азаматтығы:
 - 1) бұрынғы азаматтығы;
 - 2) Қазақстан Республикасы азаматтығын алған күні;
 - 3) Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан күні.
11. Қолы;
12. Жеке басын куәландыратын құжаттың (паспорттың) деректері:
 - 1) құжаттың атауы;
 - 2) құжаттың нөмірі;

- 3) құжатты берген күні;
- 4) құжаттың қолданылу мерзімі;
- 5) құжатты берген орган.
13. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
14. Портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті);
15. Өмірбаян;
16. Арнайы тексеру нәтижелері;
17. Салық салу объектісі болып табылатын оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі де табыстары мен мүлкі туралы, көрсетілген мүліктің орналасқан жерін көрсете отырып, декларация;
18. Ант;
19. Заңда белгіленген шектеулерді қабылдау туралы міндеттемелер;
20. Мүлікті сенімді басқару шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі (бар болған жағдайда);
21. Еңбек өтілі:
 - 1) жалпы еңбек өтілі;
 - 2) мемлекеттік қызмет өтілі.
22. Наградалары;
23. Тәртіптік жазалар;
24. Тұрғылықты жерінің мекенжайы:
 - 1) мекенжай бойынша тіркеу;
 - 2) іс жүзінде тұру.
25. Жұмыс орны;
26. Атқаратын лауазымы;
27. Жеке кәсіпкерді есепке қою туралы куәлік;
28. Басқа тұлға қабылдайтын шешімдерді айқындау, оның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын айқындау мүмкіндігі туралы мәліметтер;

29. Заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестері (акциялары, пайлары);

30. Заңды тұлғаның акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне, пайларына) тікелей немесе жанама түрде (үшінші тұлғалар арқылы) билік ету құқығы;

31. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның дауыс беретін акцияларды (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін, пайларды) сатып алуын растайтын шарт немесе шарт жобасы немесе өзге де құжат;

32. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін тауарларды өндіру мен өткізудің, тауарлардың экспорты мен Қазақстан Республикасына импортының көлемі;

33. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның тауарларды өндіру мен өткізу болжамы;

34. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның негізгі өндірістік құрал-жабдықтарын және (немесе) материалдық емес активтерін меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы, оның ішінде жарғылық капиталды төлеу (беру) есебінен меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы туралы шарт немесе шарт жобасы;

35. Заңды тұлғаның атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне, байқаушы кеңестеріне және басқа да басқару органдарына қатысуы туралы мәліметтер.